Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Есіл және Нұра өзендері халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты, Есіл және Нұра өзендері суының сапасын бағалау қосымша балық-шаруашылық су айдындарында белгіленген ШЖШ және СЛКИ-ін пайдалану арқылы орындалды.

Есіл өзені - су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 7,57, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,3 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,75 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шамадан асқандығы тіркелді.

Нұра өзені - су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 7,48, судағы еріген оттегінің шоғыры – 6,86 мг/дм³, ОБТ₅ –2,07мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,3 ШЖШ, магний – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шамадан асқандығы тіркелді.

СЛКИ бойынша 2019 жылғы қаңтарда Ақмола облысы аумағындағы Есіл мен Нұра өзенінің су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланады.

2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда су сапасы Есіл және Нұра өзендерінде айтарлықтай өзгерген жоқ.

1.7 Ақмола облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 15 метеорологиялық станцияларда (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Бурабай» КФМС, Егіндікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногорск, Жалтыр, Бурабай, Щучье, Шортанды) бақылау жүргізілді (1.6-сур.).

Облыстағы елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташамәні 0,06-0,26 мкЗв/сағ. облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

1.7 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.6-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8–1,7 Бк/м² аралағында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.6-сурет. Ақмола облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізіледі (2.1-сурет, 2.1-кесте).

2.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспаның аталуы

Бекет номері	Алу мерзімдері	Бақылау жүргізу	Бекеттер мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Авиақалашық, 14	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
4	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Белинский көшесі, 5	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, формальдегид, хром
5			Ломоносов көшесі, 7	қалқыма бөлшектер (шаң), көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, ерігіш сульфаттар, формальдегид, хром
2	әрбір 20 минут сайын	үздіксіз режимде	Рысқұлов көшесі, 4 Г	қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, радиациялық гамма-фон қуаттылығы, озон (жербеті), күкіртті сутек
3			Есет-батыр көшесі, 109А	қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, радиациялық гамма-фон қуаттылығы, азот оксиді озон (жербеті), күкіртті сутек
6			Жанкожа-батыр көшесі, 89	қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек



2.1-сурет. Ақтөбе қаласындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу схемасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (сурет 2.1) қаладағы атмосфералық ауаның ластануы өте жоғары деңгейде сипатталды, СИ мәні 12 тең (өте жоғары деңгей), № 2 бекет аумағында (Рысқұлов көшесі, 4Г) күкіртсутек шоғыры бойынша және №3 бекет аумағында (Есет батыр көшесі, 109А) күкірт диоксиді шоғыры бойынша мәнімен анықталды.

* РД 52.04.667-2005 келісілгендей, егер СИ > 10 болса, онда ЕҚ орнына СИ мәні 10 жоғары болған күндер мәні есептелінеді.

* 2019 жылдың 19 қаңтарында №2 автоматты бекет мәліметі бойынша (Рысқұлов көшесі, 4Г) күкіртсутек (12,3 ШЖШ) бойынша атмосфералық ауаның 1 жоғарыластану (ЖЛ) және №3 автоматты бекет мәліметі бойынша (Есет батыр көшесі, 109А) күкірт диоксиді (10,0 ШЖШ) бойынша ауаның 1 жоғарыластану (ЖЛ) тіркелді.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғыры 1,4 ШЖШ_{0.т} құрады.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғыры – 10,0 ШЖШ_{м.б}, көміртек оксиді – 3,4 ШЖШ_{м.б}, күкіртсутегі – 12,3 ШЖШ_{м.б}, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте-1).

2.2 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 1 су нысанында: Елек өзенінде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Елек өзені:

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: өлшенген заттар – 15,86 мг/дм³. Қалқымалы заттар концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: фенолдар – 0,005 мг/дм³. Фенолдар концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары, Қарғалы өз. құйылысынан 11,2 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: өлшенген заттар – 15,22 мг/ дм³. Қалқымалы заттар концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 4,5 км төмен, Жінішке өзеніне төмен құятын, жер асты суларының шығуынан 0,5 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: фенолдар – 0,002 мг/ дм³. Фенолдар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 20 км төмен, Георгиевка ауылынан 2,0 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: қорғасын – 0,034 мг/л, қалқыма заттар – 15,45 мг/л. Қорғасын, қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы: су сапасы 4 класқа жатады: қорғасын – 0,043 мг/ дм³. Қорғасын концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Елек өзені бойынша су температурасы 0°С, сутегі көрсеткіші 7,58 – 7,95, судағы еріген оттегі концентрациясы – 6,0-12,1 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,71-1,56 мг/дм³, түстілігі – 21, иісі – 0.

Елек өзені бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қорғасын – 0,039 мг/ дм³, қалқыма заттар – 12,48 мг/л (4-кесте).

Жоспардан тыс су сынамасын алу нәтижелері бойынша Елек өзенінің су сапасы келесі түрде бағаланады:

Бірыңғай жіктеме бойынша:

Елек өзенінің су температурасы 0°С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,6, еріген оттегі концентрациясы – 8,79 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,49 мг/дм³, түсі – 5 градусов, иісі– 0 балл.

- Ақтөбе облысы, Целиноград кенті, оңтүстік-шығысқа 1 км, Елек өзенінің сол жағалауында: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): хром (6+) – 7,80 мг/дм³. Хром (6+) концентрациясы фондық концентрациядан асады.

2.3 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Новоалексеевка, Родниковка, Уіл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, №3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.2-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,01-0,27 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

2.4 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.2-сур.). Барлық станцияларда бес тәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы $1,0-1,5\text{Бк}/\text{м}^2$ аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,3\text{Бк}/\text{м}^2$, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.2-сурет. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі

3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

3.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Амангелді к-сі. Сәтбаев к-сі бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар, формальдегид
12	тәулігіне 3 рет		Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 ш-а	

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар	
25	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ақсай-3 ш-а, Маречека к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы»		
27			Медеу метеостансасы, Горная к-сі,548		
28			аэрологиялық станса (Өуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50		
29			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі,14		
30			«Шаңырақ» ш-а,№26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі., 202		
31			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)		
1			Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы		күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді
2			Бұрындай автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Түркісіб ауданы		
3			Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы		
4			№32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түркісіб ауданы		
5			«Халық арена»мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы		
6			Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы		



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Қалада жалпы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды. ЕЖҚ=58% (өте жоғары деңгей) **азот диоксидімен** (№ 12-бекет, Алмалы ауданында) анықталды және СИ=3 (көтеріңкі деңгей) **PM-10 қалқыма бөлшектері** (№ 30-бекет, Алатау ауданында) басым ластанған.

БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Азот диоксидінің орташа ластаушы заттардың шоғырлары -1,6 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид -1,3 ШЖШ_{о.т.} ауыр металдардың шамасы және басқа ластаушы заттар – ШЖШ дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектердің максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғырлары – 3,3ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді-2,9ШЖШ_{м.б.}, PM-2,5 қалқыма бөлшектер-2,8ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді-2,5ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді– 2,1ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді -1,2ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремальды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ


3.2 Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.2-кесте).

3.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жобаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутек, аммиак
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қонаев көш., 32	қалқыма бөлшектер PM-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, күкірттісутек, аммиак



3.2-сурет. Талдықорған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (3.2-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ = 4 күкіртті сутек бойынша және ЕЖҚ=5% қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша № 2 бекет аумағында (Қонаев к., 32) анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары—азот диоксиді-1,07 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластаушы заттардың мөлшері ШЖШ-дан аспады .

Қалқыма бөлшектердің максималды-бірлік шоғырлары – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді бойынша-2,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді бойынша-1,35 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутек бойынша – 3,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

3.3 Алматы облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 10 су нысанында (Іле, Текес, Қорғас, Лепсі, Ақсу, Каратал, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, өзендері, Қапшағай су қоймасы) жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь-Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шілік, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Каратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек,

Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері, Алакөл көліне құйылады.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

Кіші Алматы өзені:

- тұстама Алматы қаласынан 11 км жоғары - су сапасы 3 класқа жатады: темір (3+) - 0,02 мг/дм³. Темір(3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.
- тұстама Алматы қ., шығарымнан 0,5 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: фторидтер - 1,64 мг/дм³. Фторидтер концентрациясы фондық концентрациядан асады.
- тұстама Алматы қ. 4,0 км төмен: су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер - 0,83 мг/дм³, нитриттер – 0,179 мг/дм³, тұзды аммоний -0,81 мг/дм³. Фторидтер концентрациясы судағы фондық мөлшерінен аспайды. Аммоний, нитриттер концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Кіші Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 1,0-3,9°C дейін, сутегі көрсеткіші 7,86-8,05, суда еріген оттегінің орташа концентрациясы – 11,6-12,5 мг/дм³, ОБТ₅ –0,88-1,66 мг/дм³, түсі – 5-6 градус, судың иісі –0 балл.

Кіші Алматы өзенінің су сапасы нормаланбайды (>3 класс):: темір (3+) -0,03 мг/дм³.

Үлкен Алматы өзені:

- тұстама Алматы қ. 9,1 км жоғары: су сапасы: нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,04 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.
- тұстама Алматы қ. шығарымнан 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,03 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.
- тұстама Алматы қ., автокөлік көпірінен 0,2 км жоғары, Рысқұлов даңғылы: су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер - 0,97 мг/дм³. Фторидтер концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Үлкен Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 2,4-3,8 °C дейін, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,83-8,02, суда еріген оттегінің концентрациясы – 11,7-12,2 мг/дм³, ОБТ₅ –1,12-1,66 мг/дм³, түсі – 6-7 градус; судың иісі – 0 балл.

Үлкен Алматы өзені өзеннің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,03 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Есентай өзенінде:

- тұстама Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., көпірден 0,2 км жоғары: Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер - 0,91 мг/дм³, ОХТ – 20 мг/дм³, темір (3+) - 0,02 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.
- тұстама Алматы қ., Рысқұлов даңғ., көпірден 0,2 км жоғары: су сапасы 2 класқа жатады: темір (3+) - 0,02 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Есентай өзенінің ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 3,1-3,3 °С, сутегі көрсеткіші 8,01-8,13, суда еріген оттегінің концентрациясы—11,9-12,3 мг/дм³, ОБТ₅—1,36-1,93 мг/дм³, түсі – 5-6 градус, иісі –0 балл.

Есентай өзенінің өзеннің ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: темір (3+) - 0,02 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Текес өзенінде:

Текес өзенінде барлық тұстамаларда су температурасы 0-0,2 °С, сутегі көрсеткіші 7,99-8,02, суда еріген оттегінің концентрациясы – 11,7-12,0 мг/дм³, ОБТ₅—1,0-1,2 мг/дм³, судың түстілігі – 6-7 градус; иісі –0 балл.

- тұстама Текес а. су бекеті тұстамасында су сапасы 3 класқа жатады: темір (3+) - 0,02 мг/дм³.

Қорғас өзенінде:

- тұстама Басқұншы а.: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) -0,05 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Ынталы шекара бекеті: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,12 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Қорғас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0-5,1°С, сутегі көрсеткішінің 7,81-7,9, суда еріген оттегі – 10,5-11,4 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,1-1,7 мг/дм³, түсі – 5-7 градус; иісі – 0 балл.

Қорғас өзеннің барлық ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,10 мг/дм³.

Іле өзенінде:

- тұстама Добын кемежайы: су сапасы нормаланбайды(>3 класс): темір (3+) -0,09 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- тұстама Қапшағай СЭС 164 км гидробекеті, су тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) -0,05 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- тұстама Қапшағай шатқалы, СЭС 26 км төмен, су сынамаcы тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) -0,12 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Үшжарма а. 6 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,11 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Іле өзенінің ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 0-0,6°С, сутегі көрсеткіші 7,73-8,11, суда еріген оттегінің концентрациясы – 11,7-12,6 мг/дм³, ОБТ₅—0,5-1,5 мг/дм³, судың түстілігі – 5-7 градус, иісі –0 балл.

Іле өзенінің су сапасы бағаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,09 мг/дм³.

Қапшағай су қоймасы

- тұстама Қапшағай қ., Қаскелең өз. сағасынан А-16 4,5 км: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,09 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Қарашоқы а., ауыл шегінде: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) -0,06 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Қапшағай су қоймасының су температурасы 0 °С, сутегі көрсеткіші 8,08-8,17, суда еріген оттегінің орташа концентрациясы – 14-14,1 мг/дм³, ОБТ₅–1,7-2,0 мг/дм³, түсі – 5-6 градус, иісі –0 балл.

Қапшағай су қоймасының су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,07 мг/дм³.

Лепсі өзені

- тұстама Лепсі станциясы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ - 38 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Толебаева кенті: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ - 31 мг/дм³. Фондық көрсеткіш концентрациядан асып түсті.

Лепсі өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0 °С, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,83-7,95, суда еріген оттегі концентрациясы – 12,5 мг/дм³, ОБТ₅–1,2-1,4 мг/дм³, судың түстілігі – 5 градус; судың иісі – 0 балл.

Лепсі өзеннің су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,5 мг/дм³.

Ақсу өзені

Ақсу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0 °С, сутегі көрсеткіші 8,04, суда еріген оттегінің концентрациясы – 11,7 мг/дм³, ОБТ₅–1,3 мг/дм³, судың түстілігі – 6 градус; судың иісі – 0 балл.

- тұстама Матай стансасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ - 39 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Қаратал өзенінде

- тұстама Талдықорған қ.: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ - 36 мг/дм³. ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Текелі қ.: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ - 42 мг/дм³ ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама (Үштөбе): су сапасы нормаланбайды(>5 класс) ОХТ - 38 мг/дм³:. ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Қаратал өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0 °С, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,0-8,03, суда еріген оттегінің концентрациясы – 12,0-12,6 мг/дм³, ОБТ₅–1,5-1,6 мг/дм³, түсі – 5-6 градус, судың иісі –0 балл.

Қаратал өзеннің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ - 39 мг/дм³.

Алматы облысы аумағындағы су насындарының су сапасы 2019 жылғы қаңтарда Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады: 3 класс – Есентай, Текес өзендері; нормаланбайды (>3 класс) – Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Қорғас, Іле өзендері, Қапшағай су қоймасы: 4 класс – Лепсі өзені; нормаланбайды (>5 класс) – Ақсу, Қаратал өзендері.

Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Іле өзені мен Қапшағай су қоймасы халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты Іле өзені суының сапасын бағалау қосымша балық-шаруашылық су айдындарына белгіленген ШЖШ мен СЛКИ -ін пайдалану арқылы орындалды.

Іле өзенінде судың температурасы 0,0-0,6 °С, сутегі көрсеткіші 7,83 судағы еріген оттегі концентрациясы 12,09 мг/дм³, ОБТ₅ 0,98 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) –1,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,9 ШЖШ, жалпы темір -2,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қапшағай су қоймасында судың температурасы 0,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,12, судағы еріген оттектің концентрациясы 14,05 мг/дм³, ОБТ₅ 1,85 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс – 1,7 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір -1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейі»* - Іле өзені, Қапшағай су қоймасы.

2018 жылғы қантармен салыстырғанда су сапасы Іле өзені мен Қапшағай су қоймасында айтарлықтай өзгермеген.

3.4 Алматы облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 8 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) бақылау жүргізілді (3.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның минималды мәні 0,00мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның максималды мәні - 0,17мкЗв/сағ орташа мәні 0,12мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

3.5 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Алматы облысында 5 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (3.3-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-1,5Бк/м². аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



3.3-сурет. Алматы облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

4 Атырау облысының қоршаған ортаның ластану жай-күйі


4.1 Атырау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (4.1-сур., 4.1-кесте).

4.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,күкірттісутегі,фенолдар,аммиак,формальдегид
5			Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Атырау филиалының жанында, ескі әуежай	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкірттісутегі, аммиак,көміртегі диоксиді
8			Әуезов даңғылының ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкірттісутегі, аммиак
9			Береке шағын ауданы, Береке өндірістік ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,азот диоксиді,азот оксиді,озон (жербеті),күкірттісутегі, аммиак



4.1-сурет. Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (4.1-сур.) деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, №1 бекет аумағында (Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы) СИ=1 (төменгі деңгей), НП = 6% (көтеріңкі деңгей) сәйкес күкіртті сутегі және қалқыма бөлшектер (шаң) №1 бекет аумағында (Азаттық даңғылы Әуезов қилысы) және №5 бекет аумағында (Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы) бойынша анықталды.

Орташа айлық шоғырлары озон бойынша – 2,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегінің – 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


4.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (4.2-сур., 4.2-кесте).

4.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Құлсары метеостансасының маңында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



4.2-сурет. Құлсары қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төменгі** болып бағаланды (4.2-сур.), СИ мәні бойынша 1, ЕЖҚ=0%.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары 1,8ШЖШ_{о.т.}, қалқыма бөлшектерінің (шаң)- 2,4 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

4.3 Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 3 нысанында, Жайық, Шаронова және Қиғаш өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құяды.

Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін, тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құяды.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Жайық өзені:

- Махамбет аул. тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 308 мг/л құрайды. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- 0.5 км Атырау қ. жоғары тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 293 мг/л құрайды. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- 3.6 км Атырау қ. төмен тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 343 мг/л құрайды. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Яик тармағының тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 265 мг/л құрайды. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Золотой рукав тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 240 мг/л құрайды. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Индер ауданының тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 336мг/л құрайды. Қалқымалы заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 0,2 – 1,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші - 8,38-8,48, судағы еріген оттегі – 6,5-7,3 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,8-3,2 мг/дм³, иісі – 0 балл, түстілігі – 36-47 градус аралығында байқалған.

Жайық өзені бойынша су сапасы су сапасын нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар 297,5 мг/л құрайды.

Шаронов өзен тарамы:

Шаронов өзенінің тарамы бойынша су температурасы 0°С, сутегі көрсеткіші - 8,52, судағы еріген оттегі – 7,5 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,4 мг/дм³, иісі – 0 балл, түсі – 45 градус аралығында байқалған.

- Ганюшкино а. тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 284 мг/л құрайды. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Қиғаш өзенінің саласы:

Қиғаш өзенінің саласы бойынша су температурасы 0°С, сутегі көрсеткіші - 8,5, судағы еріген оттегі – 8 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,5 мг/дм³, иісі – 0 балл, түстілігі – 43 градус аралығында байқалған.

Котяевка а. тұстамасы: нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 285 мг/л құрайды. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

2019 жылғы қаңтарда Бірыңғай жіктеу жүйесі бойынша Атырау облысы аумағында су объектілеріндегі су сапасы мынадай түрде бағаланады: нормаланбайды (>5 класс) - Жайық өзені, Шаронова тарымы және Кигаш саласы.

Жайық өзенінде су температурасы 0,2-1,0°С, сутегі көрсеткіші - 8,4, судағы еріген оттегі - 6,9 мг/дм³, ОБТ₅ - 3,05мг/дм³ құраған.

Шекті шоғырдан асуы бақыланбады.

Шаронова өзенінде су температурасы 0°С, сутегі көрсеткіші - 8,52, судағы еріген оттегі - 7,5 мг/дм³, ОБТ₅ - 3,4 мг/дм³.

Шекті шоғырдан асуы бақыланбады.

Қиғаш өзенінде су температурасы - 0,1°С, сутегі көрсеткіші - 8,5, судағы еріген оттегі - 8,0 мг/дм³, ОБТ₅ - 3,5мг/дм³.

Шекті шоғырдан асуы бақыланбады.

2019 жылдың қаңтар айындағы Атырау облысы СЛКИ бойынша су сапасы Жайық, Шаронова, Қиғаш өзендерінде - «*нормативті таза*» деп бағаланады.

2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда су сапасы Жайық өзенінде жақсарды, Шаронова және Қиғаш өзендерінде өзгермеген.

ОБТ₅ мәні бойынша Жайық өзенінің су сапасы «*нормативті таза*», Кигаш және Шаронова өзендерінде «*ластанудың орташа деңгейі*» деп бағаланады. 2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда ОБТ₅ мәні бойынша Жайық өзенінің су сапасы өзгермеген, Қиғаш және Шаронова өзендерінде нашарлады.

Оттегі режимі бір қалыпты.

Жайық өзені су сынамаларын жоспардан тыс алу нәтижелері бойынша су сапасы төмендегідей бағаланады:

Бірыңғай жіктеме бойынша:

-Атырау қаласынан 1 км жоғары нүктесінде су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 32,1 мг/л, қалқыма заттар концентрациясы – 468,5 мг/л.

-Атырау қаласы маңында, «Атырау су арнасы» КМК төгіндісінен 0,5 км жоғары нүктесінде су сапасы 3 – класқа жатады: магний – 27,9 мг/л, қалқыма заттар концентрациясы – 447,9 мг/л.

-Атырау қаласы маңында, «Атырау су арнасы» КМК төгіндісінен 0,5 км төмен нүктесінде су сапасы 3 класқа жатады: магний – 29,9 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 486,8 мг/л.

-Атырау қаласынан 1 км төмен нүктесінде су сапасы 4 класқа жатады: магний – 31,05 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 483,9 мг/л

-Атырау қаласынан 9,6 км төмен, «Орал-Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК төгіндісінен 0,5 км жоғары, Курилкино ауданы нүктесінде су сапасы 3 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,28 мг/л, магний – 28,36 мг/л, қалқыма заттар концентрациясы – 431 мг/л

-Атырау қаласынан 10 км төмен, «Орал-Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК төгіндісінен 3 км төмен, Курилкино ауданы нүктесінде су сапасы 3 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,288 мг/л, магний – 28,5 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 476,7 мг/л

-Атырау қаласынан 25 км төмен, Дамба кенті нүктесінде су сапасы 4 класқа жатады: магний – 35,26 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 442,2 мг/л.

-Атырау қаласынан 4,5 км төмен, Перетаска тармағының тармақталуынан 0,5 км төмен нүктесінде су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,5 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 504,7 мг/л.

-Атырау қаласынан 7,6 км төмен, «Атырау ЖЭО» төгіндісінен 2 км жоғары нүктесінде су сапасы 3 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,36 мг/л, магний – 27,7 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 485,8 мг/л.

-Атырау қаласынан 8,5 км төмен, «Атырау ЖЭО» төгіндісінен 2 км төмен нүктесінде су сапасы 3 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,38 мг/л, магний – 27,9 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 427 мг/л.

- Атырау қаласынан 11 км төмен, выше с. Ракуша ауылынан жоғары, Яик тармағының тармақталуынан 0,5 км төмен нүктесінде су сапасы 3 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,30 мг/л, магний – 27,7 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 458 мг/л.

-Атырау қаласынан 15,4 км төмен, п. Еркінқала кенті, «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК төгіндісінен 0,5 км жоғары нүктесінде су сапасы 4 класқа жатады: магний – 32 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 515 мг/л.

-Атырау қаласынан 15,9 км төмен, Еркінқала ауылы, «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК төгіндісінен 0,5 км төмен нүктесінде су сапасы 4 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,30 мг/л, магний – 29 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 469 мг/л.

Жайық өзені бойынша су температурасы 0 – 12,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,18-8,44, судағы еріген оттегі – 6,54-7,43 мг/дм³, ОБТ₅ –2,8-4,5 мг/дм³, иісі – 0 балл, түстілігі – 33-40,5 градус аралығында байқалған.

Жайық өзені бойынша су сапасы су сапасын 3 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,32 мг/л, магний – 29,4 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 476,5 мг/л.

Жайық өзені бойынша су сапасы бағалау қосымша ШЖШ-ның көмегімен орындалды: су температурасы 0 – 12,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,27, судағы еріген оттегі – 6,9 мг/дм³, ОБТ₅ –3,51 мг/дм³.

Жайық өзенінің барлық нүктелерінде шекті жол берілген шоғырдан (ШЖШ) сульфаттар, магний, жалпы темір, марганец бойынша **1,1-2,4 ШЖШ*** аралығында болды.

4.4 Атырау облысы жер үсті суларының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша сапасының жай-күйі

Гидробиологиялық бақылау Жайық, Қиғаш және Шаронова өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені. Жайық өзенінің биотестілеу тест-параметрлерінің деректері бойынша бақылау нүктелерінің жүйелі орналасуы берілді: Махамбет а., «Ауылдан 0,5 км жоғары, су бекетінің тұсы»- 0%, Атырау қ., «Балықшы кенті, қаладан 3,6 км төмен, балық консервілеу зауытынан 0,5 км төмен, Перетаска даңғылының тармақталуынан 3,5 км төмен»- 0,5%, Индер кенті, «су бекетінің тұсы»- 0%. Өзен бойынша қаза болған дафний саны 0,16% құрады. Зерттелінген судың тест-объекті бойынша алынған деректері жоқтығын көрсетеді.

Шаронова өзені. Судың өткір уыттылық әсерін тест-объекті бойынша анықтау барысында қаза болған дафнийдің тест-параметрге қатынасы 0%-ды құрады. Тест-объектісіне уыттық әсері анықталмады.

Қиғаш өзені. Қиғаш өзенінің биотестілеуден алынған деректері бойынша тест-объектіге уыттылық әсері анықталмады. Зерттелетін суда тірі қалған дафний саны 99,9% құрады. Тест-параметр 0,1% - ды құрады.

4.5 Атырау облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияда (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласындағы 1 автоматты бекетте (№7 ЛББ) жүргізілді (4.3-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,18мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

4.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында 1 метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (4.3-сур.). Станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1-1,9 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



4.3-сурет. Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.


5 Шығыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

5.1 Өскемен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (5.1-сур., 5.1-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рабочая көшесі, 6	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,фенол,фторлы сутек,хлор,хлоры сутек,формальдегид,күкірт қышқылы,күшәнның анықталмаған қосындысы,бенз(а)пирен,гамма- фон. №1,5,7 ЛББ:бериллий,кадмий, мыс,корғасын,мырыш
5			Қайсенов көшесі, 30	
7			Первооктябрьскаякөшесі 126 (Защита стансасы)	
8			Егорова көшесі, 6	
12			Сәтбаев даңғылы, 12	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Питер-Коммунаркөшесі, 18	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Ворошилов көшесі, 79	



5.1-сурет. Өскемен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.1) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **өте жоғары** болып сипатталады, ол СИ 12-ға (өте жоғары деңгей) тең мәндерімен анықталды.

2019 жылдың 14 қаңтарында №2 автоматтандырылған бекетінің (Питер Коммунар к., 18) мәліметтері бойынша күкіртсутектің (11,7 ШЖШ_{м.б.}) 1 жоғары ластану (ЖЛ) жағдайы тіркелді (кесте 2).

*52.04.667-2005 БҚ сәйкес, егер стандарт индексі (СИ) > 10 болғанда көбірек қайталанудың (КК) орнына бір бақылау мерзімінен СИ_і > 10 күндердің саны анықталады.

Орташа айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, PM-10 қалқыма бөлшектер – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді – 2,5 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді –

1,8ШЖШ_{о.т.},фторлы сутек – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, озон - 1,1 ШЖШ_{о.т.}кұрады, қалған ластағыш заттар ШЖШ жоғарыламады.

Максималды бірлік шоғырлары:қалқыма бөлшектер (шаң) – 2,4 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектер – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 6,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,9 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутек – 11,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластағыш заттар ШРК жоғарыламады (кесте 1).


5.2 Алтай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1стационарлық бекетте жүргізілді (5.2-сур., 5.2-кесте).

5.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Партизанская көшесі, 118	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді,азот диоксиді,азотоксиді



5.2-сурет. Алтай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.Стационарлық бақылау желісінің (5.2 - сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *төменгі* болып бағаланды, ол СИ 0-ке (төменгі деңгей), ЕЖҚ 0%-ға (төменгі деңгей) тең мәндерімен анықталды.

Ластағыш заттардың орташа айлық және максималды бірлік шоғырлары ШЖШ жоғарыламады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.


5.3 Риддер қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3-кесте).

5.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Островский көшесі, 13А	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид, күшән
6			Клинка көшесі, 7	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	9 мая көшесі, 7	PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан



5.3-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.3) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталады, ол СИ=4 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=17%-ға (көтеріңкі деңгей) тең мәндерімен анықталды.

Орташа айлық шоғырлары: күкірт диоксиді - 1,1 ШЖШ_{о.т.}, озон – 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, қалған ластағыш заттар ШРК жоғарыламады.

Максималды бірлік шоғырлары: PM-10 қалқыма бөлшектер – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді - 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкірті сутек - 4,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі диоксиді - 1,0 ШЖШ_{м.б.}, фенол - 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластағыш заттар ШРК жоғарыламады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.


5.4 Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (5.4-сур., 5.4-кесте).

5.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рысқұлов пен Глинка көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
4			343 квартал (балабақша ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Найманбаев көшесі, 189	азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Аэрологиялық станция, 1	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



5.4-сурет. Семей қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.4) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталады, ол СИ 2 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ 15%-ға (көтеріңкі деңгей) тең мәндерімен анықталды (сурет 1, 2).

Орташа айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектер (PM-2,5) – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, озон - 1,1 ШЖШ_{о.т.}, фенол - 2,3 ШЖШ_{о.т.} құрады, қалған ластағыш заттар ШЖШ жоғарыламады.

Максималды бірлік шоғырлары: қалқыма бөлшектер (PM-2,5) – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (PM-10) – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксидінің - 1,7 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластағыш заттар ШЖШ жоғарыламады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.5 Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

5.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Ленин көшесі,15	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,азот диоксиді,фенол,күшән,гамма-фон
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 9 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



5.5-сурет. Глубокое кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.5) кенттің атмосфералық ауасының ластану деңгейі **жоғары** болып сипатталады, ол СИ 9-ға (жоғары деңгей), ЕЖҚ 2%-ға (көтеріңкі деңгей) тең мәндерімен анықталды (сурет 1, 2).

Ластағыш заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан жоғарыламады (1-кесте).

Максималды бірлік шоғырлары:күкірт диоксиді - 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, аммиак - 9,1 ШЖШ_{м.б.}кұрады, қалған ластағыш заттар ШЖШ жоғарыламады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.6 Шығыс-Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел өзендері).

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Қара Ертіс өзені:

- **Қара Ертіс** өзенінде су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,25, судағы еріген оттегінің шоғыры - 12,52мг/дм³, ОБТ₅ - 2,09 мг/дм³, түстілігі 11 градус, иісі – 0 балл.

– Боран ауылы (Боран а. аймағында) өзен айлағынан 0,3 км жоғары, су бекеті тұстамасы 1 класқа жатады.

Ертіс өзені:

- Өскемен қ.шегінде; СЭС – ӨҚ бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің жарма есігінде: су сапасы 1- класқа жатады.

- Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары: су сапасы 1 - класқа жатады.

- Өскемен қ. шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен: су сапасы 2 - класқа жатады: марганец - 0,024 мг/дм³. Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен: су сапасы 2 класқа жатады: марганец - 0,019 мг/дм³. Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Прапорщиково а.шегінде; Бражий бұлағының құйылысынан 15 км төмен: су сапасы 1 - класқа жатады.

- Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен: су сапасы 2 - класқа жатады: марганец - 0,024 мг/дм³. Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Семей қаласынан 4 км жоғары; су өлшеу бекетінен 4 км жоғары: су сапасы 1 - класқа жатады. Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Семей қ. 3 км төмен; Қалалық су каналы Басқармасының ағынды суларының төгінділерінен 0,8 км төмен: су сапасы 1 - класқа жатады.

Ертіс өзені бойында су температурасы 0,1 °С – 0,5 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,18-8,07, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,69-11,7мг/дм³, ОБТ₅1,02-2,66мг/дм³, түстілігі 2-11 градус, иісі – 0 балл.

Ертіс өзені бойынша су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,016 мг/дм³.

Бұқтырма өзені:

- Зыряновск қ., Лесная пристань а. шегінде; Хамир өз. құйылысынан 0,1 км жоғары: су сапасы 1 - класқа жатады.

- Зыряновск қ., Зубовка а.шегінде; Березовка өз. құйылысынан 1,5 км төмен: су сапасы 2-класқа жатады: марганец - 0,021 мг/дм³. Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Бұқтырма өзені бойынша барлық тұстамаларда су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,79-7,84, судағы еріген оттегінің шоғыры $9,84\text{-}10,5\text{мг/дм}^3$, ОБТ₅ $0,99\text{-}1,17\text{мг/дм}^3$, түсі 5 градус, иіс – 0 балл.

Бұқтырма өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

Брекса өзені:

- Риддер қ., Филипповка өз., құйылысынан 0,5 км жоғары: су сапасы 1 - класқа жатады.

- Риддер қ. шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км: су сапасы 3 - класқа жатады: аммоний ионы - $0,67\text{мг/дм}^3$. Аммоний ионы концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Брекса өзені бойында су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $1,4\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 8,03-8,08, судағы еріген оттегінің шоғыры $10,6\text{-}11,2\text{мг/дм}^3$, ОБТ₅ $0,99\text{-}1,36\text{мг/дм}^3$, түстілігі 13-18 градус, иіс – 0 балл.

Брекса өзені бойында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – $0,047\text{мг/дм}^3$.

Тихая өзені:

- Риддер қ. шегінде; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,2 км жоғары, автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: кадмий - $0,0048\text{мг/дм}^3$. Кадмий концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Риддер қ. шегінде; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс) марганец - $0,127\text{мг/дм}^3$. Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Тихая өзені бойында су температурасы $1,8\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $2,2^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 8,24-8,45, судағы еріген оттегінің шоғыры $8,45\text{-}9,99\text{мг/дм}^3$, ОБТ₅ $0,86\text{-}1,02\text{мг/дм}^3$, түстілігі 20-21 градус, иіс – 0 балл.

Тихая өзені бойында су сапасы 4 класқа жатады: кадмий – $0,0028\text{мг/дм}^3$.

Үлбі өзені:

- Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары, Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,25 км төмен: су сапасы 1 класқа жатады.

- Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автокөлік көпірі маңында: нормаланбайды (>5 класс) жатады: марганец – $0,466\text{мг/дм}^3$. Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Каменный карьер қ. шегінде; су өлшеу бекетінде: су сапасы 2 класқа жатады марганец – $0,033\text{мг/дм}^3$.

- Өскемен қ. шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары: су сапасы 1 - класқа жатады.

- Өскемен қ. шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары, автокөлік көпірі маңында: су сапасы 1 класқа жатады.

Үлбі өзені бойында су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $1,8\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,71-8,09, судағы еріген оттегінің шоғыры $10,5\text{-}12,9\text{мг/дм}^3$, ОБТ₅ $0,78\text{-}1,91\text{мг/дм}^3$, түстілігі 5-23градус, барлық тұстамаларда иіс – 0 балл.

Үлбі өзені бойында су сапасы 2 класқа жатады: мырыш – $0,389\text{мг/дм}^3$.

Глубочанка өзені:

- Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 5,5 км жоғары: су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,032 мг/дм³. Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен; тікелей автокөлік көпірі маңында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс) жатады: марганец – 0,203 мг/дм³. Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Глубокое а. шегінде, сағадан 0,3 км жоғары: су сапасы 2 - класқа жатады: кадмий – 0,0014 мг/дм³, марганец – 0,078 мг/дм³. Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Глубочанка өзені бойында су температурасы 0,1 – 0,3°C шегінде, сутегі көрсеткіші 8,01-8,23, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,5-11,8 мг/дм³, ОБТ₅ 1,37-1,68 мг/дм³, түстілігі 11-16 градус, иісі – 0 балл.

Глубочанка өзені бойында су сапасы 3 класқа жатады: кадмий – 0,0021 мг/дм³.

Красноярка өзені:

- Предгорное а., Ертіс кенішінің шаруашылық қалдық ағынды су төгінділерінен 1,5 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: қалқымалы заттар – 26,5 мг/дм³. Қалқымалы заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Березовка өз. құйылысынан 1 км төмен; автокөлік көпірі маңында: су сапасы 4 кадмий – 0,0036 мг/дм³. Кадмий концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Красноярка өзені бойында су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 8,33-8,34, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,5-11,7 мг/дм³, ОБТ₅ 1,32-1,63 мг/дм³, түстілігі 25-28 градус, иісі – 0 балл.

Красноярка өзені бойында су сапасы 3 класқа жатады: кадмий – 0,0018 мг/дм³.

Оба өзені:

- Шемонаиха қ.; Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары - су сапасы 1 класқа жатады.

- Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен: су сапасы 1 класқа жатады.

Оба өзені бойында су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,57-7,7,3, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,5-11,5 мг/дм³, ОБТ₅ 1,31-1,53 мг/дм³, түстілігі 8-25 градус, барлық тұстамаларда иіс – 0 балл.

Оба өзені бойында су сапасы 1 класқа жатады.

Емел өзені:

Емел өзенінде су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,77, судағы еріген оттегінің шоғыры 12,9 мг/дм³, ОБТ₅ 1,63 мг/дм³, түстілігі 5 градус, иіс – 0 балл.

Емель өз. тұстамасы су сапасы 2 класқа жатады.

2019 жылы қаңтар айында Шығыс Қазақстан аумағындағы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады: 1 класс – Қара Ертіс, Бұқтырма, Оба өзені; 2-класс - Ертіс, Брекса, Үлбі, Красноярка, Емель өзендері; 3-класс - Глубочанка өзені; 4-класс - Тихая өзені жатады.

Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Ертіс өзені, Емель өзені халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты Ертіс және Емель өзен суларының сапасын бағалау қосымша балық шаруашылығы ШЖШ және СЛКИ пайдалану арқылы орындалды.

Ертіс өзенінде су температурасы 0,1 °С – 0,5 °С шегінде, сутегі көрсеткіші - 7,71, судағы еріген оттегінің шоғыры - 11,06 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,64 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) - 1,5 ШЖШ, марганец (2+) - 1,6 ШЖШ, мырыш (2+) - 2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Емел өзенінде су температурасы 0,1°С шегінде, сутегі көрсеткіші - 7,77, судағы еріген оттегінің шоғыры 12,9 - мг/дм³, ОБТ₅ - 1,63 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,5 - ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот - 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) - 1,1 ШЖШ, мырыш (2+) - 1,5 ШЖШ, марганец (2+) 2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

2019 жылы қаңтар айындағы Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы Ертіс, Емел өзендерінің су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланады.

2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда Ертіс, Емел өзендерінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Ертіс, Емел өзендерінің ОБТ₅ көлемі бойынша су сапасы «нормативті-таза» ретінде бағаланады. 2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда ОБТ₅ бойынша су сапасы өзгермеген.

Оттегі қалыпты жағдайда.

5.7 Гидробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштер бойынша 2019 жылғы қаңтар айындағы Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

Қара Ертісөз. Қаңтар айында беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі дафниялар саны 100% құрады.

Ертіс өз. 2019 ж. қаңтар айында алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады; «Конденсатор зауытының төгіндісінен 0,5 км төмен» орналасқан - тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады; «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (01)» және «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (09)» тұстамаларында өлген дафниялар 0% және 6,7% сәйкес құрады; «Прапорщикова.шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен» және «Предгорное ауылы шегінде» тұстамаларында өлген дафниялар 3,3% және 6,7% сәйкес құрады.

Бұқтырма өз. 2019 ж. қаңтар айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ. Екі тұстамада да тірі дафниялар 100% құрады.

Брекса өз. 2019 ж. қаңтар айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. «Шубин көз қайнарының құйылысынан 0,5 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар табылған

жоқ. Екінші «Риддер қ.шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 13,4% құрады.

Тихая өз. 2019 ж.қантар айында алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Қала шегінде; Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады. Екінші «қала шегінде; сағадан 8 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 10 % құрады.

Үлбі өз. 2019 ж.қантар айында алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» орналасқан тұстамада өліп қалған дафниялар 0% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада өткір уыттылық жоқ, өлген дафниялар саны 13,4% құрады.«Каменный Карьер кенті шегіндегі» тұстамада өлген дафниялар табылған жоқ. «Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары (01)» және «Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары (09)» тұстамаларында өлген дафниялар 26,7% және 30% сәйкес құрады.

Глубочанка өз.2019 ж.қантарайында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 5,5 км жоғары» тұстамадан өлген дафниялар 13,3% құрады, өткір уыттылық жоқ.«Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар 100% құрады. «Глубокое аул. шегінде; сағадан 0,3 км жоғары» тұстамадан өлген дафниялар 30% құрады, өткір уыттылық жоқ.

Красноярка өз. 2019 ж.қантар айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Ертіс кенішінен ағынды шаруашылық қалдық су төгінділерінен 1,5 км жоғары» тұстамадан өлген дафниялар 36,7% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Березовка өз. құйылысынан 1 км төмен; автожол көпірі жанында» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар 56,7% құрады.

Оба өз. 2019 ж.қантар алынған су сынамаларында өткір уытты әсер тіркелген жоқ. «Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады. Екінші «Камышенка аул. шегінде» тұстамада өлген дафниялар 3,3 % құрады.

Емел өз. 2019 ж.қантарбеткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі қалған дафниялар саны 100% құрады (8-қосымша).

5.8 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық станцияларда (Ақжар, Аягөз, Дмитревка, Баршатас, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарқа, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүргізіледі (5.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,25мкЗв/сағ.

аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,14мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

5.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияларда (Аягөз, Баршатас, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.6-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-2,3 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.9-сурет. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне	қол күшімен	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң),

	3 рет	алынған сынама(дискретті әдіс)		күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15. Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.1-сурет. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 қалқыма бөлшектер (шаң) Шымкент көшесі, 22(№1 ЛББ).аумағында және ЕЖҚ = 6% азот диоксиді бойынша Абай және Төле би көшелерінің бұрышыаумағында анықталды(№ 3 ЛББ).

Азот диоксиді бойынша орташа айлық шоғырлар – 1,9 ШЖШ_{о.т.} қалқыма бөлшектер (шаң) –1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша максималды-бір реттік шоғырлар –2,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді -1,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,25 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі-1,03 ШЖШ_{м.б.} құрады, атмосфералық ауадағы басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.2 Жаңатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 күкіртсутегі бойынша Тоқтаров көш. 27/1 және 27а (№1 ЛББ) аумағында анықталды және ЕЖҚ=0%.

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 1,3ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Күкіртсутегі бойынша максималды-бір реттік шоғырлар бойынша -1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша Тамды әулие көш. №130 (№1ЛББ) аумағында және ЕЖҚ=4% PM-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды.

Орташа айлық шоғырлар PM-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша -2,8 ШЖШ_{о.т.}, PM-10 қалқыма бөлшектер -1,9 ШЖШ_{о.т.} озон (жербеті) -1,02 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік шоғырлар бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектері -1,5 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері -1,9 ШЖШ_{м.б.} көміртегі оксиді -1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі-1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0 және ЕЖҚ=0 % .

Орташа айлық және максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=1 % күкірт сутегі бойынша Жібек жолы көш. №496 «А» (№1ЛББ) аумағында анықталды.

Орташа айлық және максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік шоғырлар бойынша күкіртсутегі-1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 су нысанында жүргізіледі (Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі). Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейні ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Талас өзені:

- тұстама Жасөрген а. 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 43,8 мг/дм³ ХПК концентрациясы фондық концентрациядан асады.
- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 65,0 мг/ дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.
- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 63,0 мг/ дм³, ОХТ – 50,8 мг/дм³. Қалқыма заттар мен ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.
- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж сулардан 0,7 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 77,0 мг/ дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.
- тұстама Темірбек кентінен 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 87,0 мг/ дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Талас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 2-9⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,65-7,9, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,8-13,3 мг/дм³, ОБТ₅ 1,18-2,34 мг/дм³, түсі 5-10 градус, иісі – 0 балл аралығында болды.

Талас өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 67,2 мг/дм³.

Аса өзені:

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 52,0 мг/ дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.
- тұстама Аса кентінен 500м төмен: су сапасы нормаланбайды(>5 класс): қалқыма заттар – 93,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Аса өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 2,4-4,2⁰С шегінде, сутектік көрсеткіші 7,25-8,20, суда еріген оттегінің шоғыры 10,1-10,3 мг/дм³, ОБТ₅ 1,97-3,1 мг/дм³, түсі 5-10 градус аралығында, иісі-0 болды.

Аса өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 93,0 мг/дм³.

Берікқара өзені:

Беріккара өзенінің су температурасы $2,2^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 8,25, суда еріген оттегінің шоғыры $10,4 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $1,09 \text{ мг/дм}^3$, түсі – 5, иісі – 0 құрады. створ Абдикадер а., ауылдан 6 км оңтүстікке қарай, су бекеті тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $50,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Билікөл көлінің су температурасы $2,6^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры $8,8 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $10,7 \text{ мг/дм}^3$, түсі 5 градус, иісі – 3 баллды құрады. Билікөл көлінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $199,0 \text{ мг/дм}^3$, ХПК – $96,1 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттар және ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Шу өзені:

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $242,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Д.Конаева а., 0,5 км төменде: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $145,0 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ – $7,06 \text{ мг/дм}^3$, ХПК – $35,1 \text{ мг/дм}^3$.

Шу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы $1,6-2,4^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,68-7,70, суда еріген оттегі $9,78-12,9 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $2,08-7,06 \text{ мг/дм}^3$, су түсі 5 градусов, иісі – 0 балл аралығында болды.

Шу өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $193,5 \text{ мг/дм}^3$.

Ақсу өзенінің су температурасы $2,0^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,70, суда еріген оттегінің шоғыры $12,3 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $1,20 \text{ мг/дм}^3$, түсі 10 градус, иісі 0 құрады.

-тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – $167,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Қарабалта өзені су температурасы $1,8^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,65, суда еріген оттегінің шоғыры $12,3 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $4,87 \text{ мг/дм}^3$, түсі 5 градус, иісі 0 құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $216,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Тоқташ өзені суының температурасы $2,0^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,60, суда еріген оттегінің шоғыры $11,2 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $2,48 \text{ мг/дм}^3$, түсі 5 градус, иісі 0 балл құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетінен өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $238,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Сарықау өзені суының температурасы $1,8^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,35, суда еріген оттегінің шоғыры $11,8 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $9,94 \text{ мг/дм}^3$, түсі 15 градус, иісі 0 балл құрады.

-тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – $49,8 \text{ мг/дм}^3$. ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Тасөткел су қоймасының су температурасы $2,0^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,70, суда еріген оттегінің шоғыры $12,3 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $4,54 \text{ мг/дм}^3$, түсі 5 градус, иісі 0 балл құрады.

- **тұстама** Тасөткел а., Тасөткел стансасынан оңтүстікке қарай 2,5 км, су қойма бөгенінен (оңтүстік-шығысқа) 0,5 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $213,0 \text{ мг/ дм}^3$. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

2019 жылы қаңтарда бірыңғай жіктеу бойынша Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: 5 класс – Ақсу өзені; нормаланбайды (>5 класс) – Талас, Шу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау, Тасөткел су қоймасы.

6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.). Барлық станцияларда бестәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні $0,10-0,19 \text{ мкЗв/сағ.}$ аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша $0,16 \text{ мкЗв/сағ.}$, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу $0,7-1,7 \text{ Бк/м}^2$ аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,3 \text{ Бк/м}^2$, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.6-сурет. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, аммиак, радиациялық гамма-фон қуаттылығы деңгейін бақылау (эквиваленттік доза қуаттылығы)
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек, аммиак, радиациялық гамма-фон қуаттылығы деңгейін бақылау (эквиваленттік доза қуаттылығы)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1, ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады.



7.2 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

7.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек, аммиак, радиациялық гамма-фон қуаттылығы деңгейін бақылау (эквиваленттік доза қуаттылығы) озон
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көшесі, 35	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек, аммиак



7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1, ЕЖҚ=0% анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары, максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


7.3 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Январцево а.	көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, аммиак, озон (жербетті)



7.3-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.4-сур.) кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=0, ЕЖҚ=0% анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

7.4 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 3 су нысанында Жайық, Шаған, Деркөл өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені:

- тұстама Январцево ауылы: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 25 мг/ л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары: су сапасы 1 класқа жатады.

- тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен,гидробекеті: су сапасы 3 класқа жатады: қалқыма заттар – 21 мг/ л. Қалқымалы заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 0,1 ° С-тан 0,2 ° С дейін, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,26-7,38 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы орта есеппен 6,49-7,40 мг / дм³, ОБТ₅ орташа 2,47-3,24 мг / дм³ құрады,түсі-2-ден 8 градусқа дейін; иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады-қалқыма заттар -22 мг/л.

Шаған өзені:

- тұстама Шаған өзеніннің сағасынан 0,5 км жоғары: су сапасы 3 класқа жатады – магний-23,08 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары.: су сапасы 3 класқа жатады - магний – 21,81мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 0,1 ° С-тан 0,3°С дейін, сутек көрсеткіші 7,27-7,29 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 8,11мг / дм³, ОБТ₅ орташа 3,24мг/дм³ құрады, түсі-2-5 градус, иісі - 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады- магний – 22,45 мг/л.

Деркөл өзені:

Деркөл өзені бойынша су температурасы 0,3°С, сутегі көрсеткіші 7,36 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 7,30 мг/дм³, ОБТ₅ 2,43мг/дм³ құрады, түсі-10 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

– тұстама Селекционный ауылы: су сапасы 2 класқа жатады: қалқыма заттар – 24 мг/л. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы қаңтардағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 2 класс – Деркөл өзені; 3 класс- Шаған өзені, 4-класс-Жайық өзені.

Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Жайық өзені су қоймасы халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты Жайық өзені суының сапасын бағалау қосымша балық-шаруашылық су айдындарына белгіленген ШЖШ мен СЛКИ -ін пайдалану арқылы орындалды.

Жайық өзенінде су температурасы 0,1– 0,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,31, суда еріген оттегінің концентрациясы – 7,10 мг/дм³, БПК₅ - 2,73 мг/дм³. Биогенді заттар тобынан (жалпы темір – 1,3 ШЖШ) шоғырдан асу байқалды.

2019 жылғы қаңтарда СЛКИ бойынша Батыс Қазақстан облысының аумағында Жайық өзенінің су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» болып бағаланады.

2018 жылғы қаңтарымен салыстырғанда Жайық өзеніндегі судың сапасы жақсарды.

Жайық, Елек, Шаған өзендері су сынамаларын жоспардан тыс алу нәтижелері бойынша судың сапасы төмендегідей бағаланады:

Бірыңғай жіктеме бойынша:

- Жарсуат к., Ресей Федерациясымен шекарада нүктесінде су сапасы 1 класқа жатады. Қалқыма заттар концентрациясы – 19,33 мг/л.

- Январцево а. 0,5 км. төмен нүктесінде су сапасы 1 класқа жатады. Қалқыма заттар концентрациясы – 23,33 мг/л.

- Орал қаласының шегінде нүктесінде су сапасы 1 класқа жатады. Қалқыма заттар концентрациясы – 21 мг/л.

- Аққала к. нүктесінде су сапасы 3 класқа жатады: кадмий – 0,002 мг/л, қалқымалы заттар концентрациясы – 20,33 мг/л.

Жайық өзені бойынша су температурасы 0,1 – 0,5 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,41, судағы еріген оттегі – 4,87-9,73 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,01 мг/дм³, иісі – 0 балл, түстілігі – 2-3 градус аралығында байқалған. Жайық өзені бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

Елек өзені:

Елек өзенінде су температурасы 0,1 – 0,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,41-7,55, судағы еріген оттегі – 6,58-8,13 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,18-3,25 мг/дм³, иісі – 0 балл, түстілігі – 3 градус аралығында байқалған.

- Шілік ауылынан 1,5 км жоғары нүктесінде Елек өзені бойынша су сапасы 1 класқа жатады. Қалқыма заттар концентрациясы – 25,06 мг/л.

Шаған өзені:

Шаған өзенінде су температурасы 0,1 – 0,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,20-7,42, судағы еріген оттегі – 4,84-7,3 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,53-3,26 мг/дм³, иісі – 0 балл, түстілігі – 3-12 градус аралығында байқалған.

- Шаған өз. сағасынан 0,5 км жоғары нүктесінде су сапасы 4 класқа жатады: қалқымалы заттар концентрациясы – 25,06 мг/л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы қаңтардағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 3-класс - Жайық, Елек өзендері, 4-класс-Шаған өзені.

Жайық өзені бойынша су сапасы бағалау қосымша ШЖШ-ның көмегімен орындалды: су температурасы 0,1-0,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,42, судағы еріген оттегі – 7,11 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,05 мг/дм³.

Биогенді заттар және бейорганикалық заттар (жалпы темір - 1,4 ШЖШ, бор – 4,49) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

7.5 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№4 ЛББ)3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,25 мкЗв/сағ. Аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ)ауа

сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.4-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-1,8 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.4-сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа Майқұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі

				оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 Қалқыма бөлшектері, PM-10 Қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жердің)
6			Архитектурная 15/1, (Прокуратура аумағы)	PM-2,5 Қалқыма бөлшектері, PM-10 Қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак, радиациялық гамма-фон қуаттылығы, көмірсутегісінің сомасы, метан, озон (жердің)
8			3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 Қалқыма бөлшектері, PM-10 Қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жер беті), күкіртті сутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі өте жоғары болып бағаланды, СИ=19-ке тең (өте жоғары деңгей) №6 бекет аумағында (Архитектурная 15/1) PM 2,5 қалқыма бөлшектері бойынша,

НП = 82% (өте жоғары деңгей) РМ 2,5 қалқыма бөлшектері бойынша №8 бекет аумағында (3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)) анықталды.

*2019 жылғы 1 қаңтарда №6 автоматты бақылау бекетінің мәліметі бойынша РМ 2,5 қалқыма бөлшектері (18,9 ШЖШ_{м.б.}) және РМ 10 қалқыма бөлшектері (10,1 ШЖШ_{м.б.}) бойынша 2 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген (2-кесте).

Орташа айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 5,1 ШЖШ_{о.т.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 3,1 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 2,0 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 1,5 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа лаस्ताушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 18,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 10,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 4,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа лаस्ताушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.2 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.2-кесте).

8.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	«Сабитов» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ (әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



8.2-сурет. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфералық ластануға берілетін жалпы сипаттама. Стационарлы бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша (8.2-сурет), атмосфералық ластану көтеріңкі деңгей болып есептелді, оның шамасы №4 бақылау бекеті (Сейфулина көшесі (больничный городок, СЭС маңайында) аумағында, қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша СИ=4-ке (көтеріңкі деңгей) және №4 (Сейфулина көшесі(больничный городок, СЭС маңайында) күкірт диоксиді бойынша НП =3%-ға (көтеріңкі деңгей) тең.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғыры - 1,2 ШЖШ_{от}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ_{от}, озон (жербеті) -1,9 ШЖШ_{от}. қалған ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлар ШЖШ-дан асқан жоқ.

Максималды бір реттік шоғырларынан асуы бойынша: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксидінің– 2,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкіртсутегі бойынша – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 4,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді-1,0 ШЖШ_{м.б.}, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ.

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.


8.3 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.3-кесте).

8.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3	Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)		Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жамиля көшесі, 4а/1	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді,азот оксиді, көміртегі оксиді,озон (жербеті), күкірт диоксиді,күкірттісутек, аммиак



8.3-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі *жоғары* болып бағаланды, СИ = 7,8 (жоғары деңгей) күкірттісутек бойынша № 1 (М.Жамиля көшесі, 4а/1) бекеттің аумағында және ЕЖҚ = 25% (жоғары деңгей) фенолмен № 3 – бекеттің аумағында (*Желтоқсан көшесі, 6,Металлургтар алаңы*) анықталды.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, озонның (жербеті) – 1,65 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксидінің – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, фенолдың – 2,5 ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкірттісутегі – 7,8 ШЖШ_{м.б.}, фенолдың – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.4 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).

8.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді азот оксиді, күкіртті сутек, озон (жербеті)



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=1,5 №1 бекет аумағында (*Саран көшесі, 28а*) PM 2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды және ЕЖҚ=0 анықталды.


PM 2,5 қалқыма бөлшектері бойынша максималды бір реттік айлық шоғыры 1,5 ШЖШ_{м.б} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.5-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Димитров көшесі,213	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, фенол,аммиак, сынап
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, аммиак, радиациялық гамма-фон қуаттылығы, көмірсутегісінің сомасы, метан



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі өте жоғары болып бағаланды, ол СИ =10-ға тең(>10 өте жоғары деңгей) мәнмен анықталды.

*2019 жылғы 11 қаңтарда №2 автоматты бақылау бекетінің (Фурманов көшесі, 5) мәліметі бойынша күкірт диоксидінің (10,0 ШЖШ_{м.б}) 1 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген (2-кесте).

Орташа айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 2,0 ШЖШ_{о.т.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 2,4 ШЖШ_{о.т.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 1,4 ШЖШ_{о.т.},

күкірт диоксиді – 2,1 ШЖШ_{о.т} , азот диоксиді – 3,2 ШЖШ_{о.т}, фенол – 3,2 ШЖШ_{о.т}. құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 2,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 10,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 7,9 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 5,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 5,4 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,9 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

8.6 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 7 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгір, өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Қ. Сатпаев атындағв арна.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындады саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Нұра өзені:

- тұстама: Шешенқара а., ауылдан 3 км төмен, автожол көпірдің ауданында су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – 0,28 мг/л. Үш валентті темір концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама: Балықты т.ж. стансасы: су сапасы нормаланбайды нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір 0,29 мг/л. Үш валентті темір концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама: Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар шығарымынан 1 км жоғары: су сапасы 5 класска жатады: фенолдар – 0,002 мг/л. Фенолдардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама: «Теміртау қ «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен» су сапасы нормаланбайды (>3 класс): Үш валентті темір концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама: Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен: су сапасы 5 класска жатады: фенолдар – 0,002 мг/л. Фенолдардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама: «Теміртау қ., «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен» су сапасы нормаланбайды (>3 класс): Үш валентті темірдің концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама: Жана Талап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі: су сапасы 4 класска жатады: магний – 36,4мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама: Ынтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – 0,21 мг/л. Үшвалентті темірдің концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама: Ақмешіт а., ауыл шегінде: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – 0,29 мг/л. Үш валентті темірдің концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 0,1 – 0,3°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,49 - 8,02, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,33 – 12,91 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,73-2,96 мг/дм³, түсі - 5,2 – 50 градус; иісі – 0 балл құрады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – 0,27 мг/л.

Самарқан су қоймасы

- Теміртау қ., «плотинадан 7 км жоғары»: су сапасы 5 класска жатады: фенолдар – 0,002 мг/л. Фенолдардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- су қойманың оңтүстік жағалауынан тұстама бойынша (ұзындығы) 0,5 км: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – 0,17 мг/л. Үш валентті темірдің концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Самарқан су қоймасы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 0,1 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,68-7,81, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,27-10,89 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,71-2,96 мг/дм³, түстілігі – 47-50 градус; иісі – 0 балл құрады.

Самарқан су қоймасының су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – 0,17 мг/л.

Кеңгір суқоймасы:

Кеңгір суқоймасы бойынша су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 7,73, судағы еріген оттегі концентрациясы – 12,64 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,18 мг/дм³, түстілігі – 15 градус; иісі – 0 балл құрады.

Кеңгір суқоймасының су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үшвалентті темір – 0,13 мг/л. Үш валентті темірдің концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Қара Кеңгір өзені:

- тұстама : «Кеңгір суқоймасының бөгенінен 0,2 км төмен, ағынды сулар шығарымынан 0,2 км жоғары» - су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үшвалентті темір – 0,19 мг/л. Үш валентті темірдің концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама: «Кеңгір суқоймасының бөгенінен 4,7 км төмен, ағынды су шығарымынан 0,5 км төмен» - су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний-ион – 9,75 мг/л. Аммоний ион концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша барлық тұстамаларында су температурасы 0,2 – 2,2°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,13-7,65, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,60-12,65 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,19-10,30 мг/дм³, түсі – 14-56 градус; иісі – 0 балл құрады.

Қара Кеңгір өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 4,95 мг/л.

Соқыр өзені

Соқыр өзенінің су температурасы $0,1^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,6, судағы еріген оттегі концентрациясы – $6,84 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 – $2,03 \text{ мг/дм}^3$, түсі – 83 градус; иісі – 3 балл құрады.

- тұстама - өзен сағасы, Қаражар а. маңындағы автожол көпірі: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – $12,9 \text{ мг/л}$, хлоридтар – 375 мг/л . Аммоний-ин және хлоридтердің концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Шерубайнұра өзені

– су температурасы $0,1^{\circ}\text{C}$ шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,65, судағы еріген оттегі концентрациясы – $8,87 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 – $2,33 \text{ мг/дм}^3$, түстілігі – 79 градус; иісі – 4 балл.

- өзен сағасы, Асыл а. 2,0 км төмен: Шерубайнұра өзенінде су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – $14,1 \text{ мг/л}$. Аммоний-ионның концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Қ. Сатпаев атындағы арна

- тұстама №17 насос стансасы – су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – $0,13 \text{ мг/л}$. Үш валентті темірдің концентрациясы фондық концентрациядан аспады.

- Петровка а. 156 көпір - су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үш валентті темір – $0,15 \text{ мг/л}$. Үшвалентті темірдің концентрациясы фондық концентрациядан аспады.

Қ. Сатпаев атындағы арна бойынша су температурасы $0,1 - 0,2^{\circ}\text{C}$ шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,79-8,09, судағы еріген оттегі концентрациясы – $11,36-11,51 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 – $2,33-2,95 \text{ мг/дм}^3$, түсі - 33-36 градус; иісі – 0 балл құрады.

Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): үшвалентті темір – $0,14 \text{ мг/л}$.

Қарағанды облысының аумағындағы 2019 жылғы қаңтардағы су объектілерінің су сапасы бірыңғай жіктеу бойынша келесідей бағаланады: нормаланбайды (>3 класс): Нұра өзені, Самарқан және Кеңгір су қоймалары; нормаланбайды (>5 класс): Соқыр, Шерубайнұра, Қара Кеңгір өзендері, Қ. Сатпаев атындағы арна.

Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Нұра өзені және Балқаш көлі халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты Нұра өзені суының сапасын бағалау қосымша балық-шаруашылық су айдындарына белгіленген ШЖШ мен СЛКИ -ін пайдалану арқылы орындалды.

Нұра өзені: су температурасы $0,1 - 0,3$ шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,82, судағы еріген оттегі концентрациясы – $11,30 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 – $2,42 \text{ мг/дм}^3$. Негізі иондар (сульфаттар – 2,4 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,1 ШЖШ, нитритті азот – 1,2 ШЖШ, жалпы темір – 2,9 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 3,0 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,9 ШЖШ, марганец (2+)– 3,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы $0,00007 \text{ мг/дм}^3$, ең үлкен концентрациясы – $0,00014 \text{ мг/дм}^3$.

Ертіс-Қарағанды арнасы: су температурасы $0,1 - 0,2^{\circ}\text{C}$ шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,94, судағы еріген оттегі концентрациясы – $11,435$

мг/дм³, ОБТ₅ – 2,64 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,2 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,4 ШЖШ, марганец (2+)– 2,4 ШЖШ,) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

2019 жылғы қаңтарда Қарағанды облысы жер үсті су сапасы «ластанудың орташа деңгейіндегі» су деп бағаланады.

2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда су сапасы барлық су нысандарында айтарлықтай өзгерген жоқ.

ОБТ₅ шамасы бойынша барлық су нысандары «нормативті таза» су деп бағаланады. 2018 жылғы қаңтар айымен салыстырғанда, ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы барлық су нысандарында айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі режимі бірқалыпты.

8.7 2019 жылғы қаңтарда гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасы

Нұра өзені. Суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100%. Тест-көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, Нұра өзенінің суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені. Алынған мәліметтерге сәйкес биотестілеу кезінде берілген тест-нысанында өткір уыттылық анықталған жоқ. Өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 0% тең.

Қара Кеңгір өзені. Биотестілеу кезінде Қара Кеңгір өзенің бақылағанда тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы. Суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтер бойынша өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Кеңгір су қоймасы. Дафнияларды суда зерттеу кезінде тірі қалғандар саны 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% тең. Қойманың суы биотестілеуден алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

8.8 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 5 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) мен Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (8.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,05 -0,49мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,16мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.6-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-1,7Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.6-сурет. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі

9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
3			Дошанов көшесі, 43, қала орталығы	
2	әр 20 минут	үзіліссіз режимде	Бородина көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі

4	сайын		Маяков көшесі	оксиді,азот оксиді	диоксиді,азот оксиді
---	-------	--	---------------	--------------------	----------------------



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=4және ЕЖҚ=3% № 2 бекет (Бородина к-сі)және № 4бекет (Маяков к-сі)аумағында РМ - 2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды(сурет. 1, 2).

РМ - 2,5 қалқыма бөлшектері орташа шоғырлары:– 1,09 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың ШЖШ - дан аспады.

РМ - 2,5 қалқыма бөлшектері бір реттік максималды шоғырлары: – 3,7 ШЖШ_{м.б.}, РМ - 10 қалқыма бөлшектері- 2,01 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді - 1,9 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Молодая Гвардия көшесі	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі

6			мешіттің маңы	оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
---	--	--	---------------	------------------------------------



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төменгі* болып бағаланды, ол СИ=1, ЕЖҚ=0%.

Азот диоксиді орташа шоғырлары: – 1,07 ШЖШ_{от.} құрады, басқа ластаушы заттардың ШЖШ - дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектері бір реттік максималды шоғырлары– 2,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
13	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



9.3-сурет. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төменгі* болып бағаланды, ол СИ=1, ЕЖҚ=0%.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Бір реттік максималды ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.4 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 11 су нысанында (Тобыл, Әйет, Тоғызак, Үй, Обаған, Желқуар, Қараторғай өзендері, Аманкелді, Қаратамар, Жоғарғы Тобыл, Шортанды су қоймаларында) өткізілді.

Тобыл өзені өз басын Көкпекті және Бозбие өзендерінің бірігу орнынан Оңтүстік Орал таулары арасында, Қостанай облысындағы далада және кең далаларда ағып жатыр. Қазіргі уақытта Тобыл су айдыны су қоймаларының каскадының көмегімен реттеледі. Желқуар (Жітіқара қ), Верхнетобольское (Лисаковск қ), Қаратамар, Сергеевское (Рудный қ) және Амангелді (Қостанай қ) су қоймалары құрылды. Бұдан әрі, Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облысы арқылы Тавды, Тура, Исети, Обаған, Үй, Әйет, Тоғызак өзендерінің суларын сіңіріп, ежелгі орыс Тобольск қаласының аймағында Ертіс өзеніне ағылады.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

Тобыл өзені:

-Аққарға а.тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 1 км г/б жармасында: судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): жалпы темір - 0,35 мг/л, кальций - 461,0 мг/л, магний - 426 мг/л, минерализация - 7388,5 мг/л, ОХТ - 42,0 мг/л, хлоридтер - 3575,0 мг/л. Жалпы темір, кальций, магний, минерализация, хлоридтер, ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

-Гришенка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км төмен г/б тұстамасы: судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ - 40 мг/л. ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

-Қостанай қ. тұстамасы, Қалсуарна Басқармасы 1 км жоғары: су сапасы 4 класс: магний - 49,9 мг/л, ОХТ – 33,6 мг/л. Магний, ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

-Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. 10 км төмен судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ - 40,7 мг/л. ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

-Милютинка а. тұстамасы, ауыл шетінде, г/б жармасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ - 38,2 мг/л. ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0,0⁰С , сутегі көрсеткіші 7,54-8,10, еріген оттегі концентрациясы 3,75-9,30 мг/дм³, ОБТ₅ -1,04-2,79 мг / дм³, түстілік 8-18 градус, иісі - 0.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний - 115,5 мг /л, марганец - 0,20 мг /л, минералдану - 2312,1 мг /л, ОХП - 38,9, хлоридтер - 1083,1.

Әйет өзені

Әйет өзенінде судың температурасы 0,1 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,55 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 6,87 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,62 мг/дм³, түстілік - 24 градус, иісі -0 балл.

- Варваринка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км жоғары, г/б жармасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 38,9 мг/л. ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Обаған өзені

Обаған өзенінде су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші - 8,04, еріген оттегінің концентрациясы - 0,88 мг/дм³, ОБТ₅ - 2,71 мг/дм³, түстілік -25 градус, иісі -0 балл.

-Ақсуат а. тұстамасы, ауылдан 4 км г/б тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): амоний ион – 2,737 мг/л, кальций - 301 мг/л, магний - 353 мг/л, минералдану – 8231,6 мг/л, сульфаттар - 1920 мг/л, хлоридтер – 2890 мг/л. Амоний ион, кальций, магний, минералдану, сульфаттар, хлоридтер, концентрациялары фондық концентрациядан асады.

Тоғызақ өзенінде судың температурасы 0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 9 тең, еріген оттегінің концентрациясы - 9,96 мг/дм³, ОБТ₅ - 4,37 мг/дм³, түстілік - 24градус, иісі -0 балл.

- Тоғызақ а. тұстамасы, Тоғызақ ст.СБ 1,5 км, г/б тұстамасында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыған заттар – 46,7 мг/л. Қалқыған заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Үй өзені

Үй өзенінде судың температурасы 0,1 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,97 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы - 3,67 мг/дм³, ОБТ₅ - 5,28 мг/дм³, түстілік – 6 градус, иісі -0 балл.

Уйское а. тұстамасы,: Уйское а Ш қарай 0,5 км, г/б тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): жалпы темір – 0,41 мг/л. Жалпы темірдің концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Желқуар өзені

Желқуар өзенінде судың температурасы 0°C деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,89 тең, еріген оттегінің концентрациясы - 3,19 мг/дм³, ОБТ₅ - 4 мг/дм³, түстілік – 32 градус, иісі -0 балл.

- Чайковское а тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 0,5 км, г/б тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 350,6 мг/л. Хлоридтер концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Аманкелді су қоймасы

Аманкелді су қоймасында судың температурасы 0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші - 7,93 тең, еріген оттегінің концентрациясы - 5,11 мг/дм³, ОБТ₅ - 5,74 мг/дм³, түстілік – 2 градус, иісі -0 балл.

- Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. ОБ қарай 8 км, г/б жармасында су сапасы 4 класс: ОХТ – 33,4 мг/л, магний – 43,8 мг/л. Магний және ОХТ концентрациялары фондық концентрациядан асады.

Қаратамар су қоймасы

Қаратамар су қоймасында судың температурасы 0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 8,42 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 7,66 мг/дм³, ОБТ₅ 1,8 мг/дм³, түстілік – 2 градус, иісі -0 балл.

-Береговое а, су қойма гидро құрылысынан ОБ қарай 3,6 км, г/б тұстамасында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 41,7 мг/л, ОХТ концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Жоғарғы тобыл су қоймасы

Жоғарғы Тобыл су қоймасында судың температурасы 0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші - 8,62 тең, еріген оттегінің концентрациясы - 8,13 мг/дм³, ОБТ₅ - 0,85 мг/дм³, түстілік – 1 градус, иісі -0 балл.

-Лисаковск қ.: Лисаковск қ. Б қарай 5 км, г/б жармасында судың сапасы нормаланбайды (>3 класына) жатады: сутектік көрсеткіш – 8,62, магний – 49,2. Сутегі көрсеткіш, магний концентрациялары фондық концентрациядан асады.

Шортанды су қоймасы

Шортанды су қоймасында судың температурасы 0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші - 8,44 тең, еріген оттегінің концентрациясы - 4,95 мг/дм³, ОБТ₅ - 3,95 мг/дм³, түсі – 0 градус, иісі -0 балл.

-Жетіқара қ.: тұстамасы, көпір ауданында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 402 мг/л.

Қараторғай өзені

-Урпек а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): ХПК – 47,7 мг / л.

-Торғай а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында судың сапасы нормаланбайды (>5 класына) жатады: хлоридтер – 445,8 мг/л, ОХТ – 39,1.

Қараторғай өзенінің ұзындығы судың температурасы 0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 8,04 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 5,83 мг/дм³, ОБТ₅ - 2,27 мг/дм³. түстілік – 10 градус, иісі -0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ХПК – 43,4 мг/л.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы қаңтардағы Қостанай облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 4-класс- Аманкелді су қоймасы, Жоғары Тобыл су қоймасы; нормаланбайды (>5 класс) – Тобыл, Әйет, Обаған, Тоғызақ, Үй, Желкуар, Қараторғай өзендері, Қаратомар су қоймасы, Шортанды су қоймасы.

Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Тобыл өзені халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты Тобыл өзені суының сапасын бағалау қосымша балық-шаруашылық су айдындарына белгіленген ШЖШ мен СЛКИ -ін пайдалану арқылы орындалды.

Тобыл өзенінде судың температурасы 0,02 °С, сутегі көрсеткіші 7,87, судағы еріген оттектің концентрациясы 6,30 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,85 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс(2+) –2,6 ШЖШ, мырыш(2+) – 5,3 ШЖШ, никель (2+) 5,6 ШЖШ, марганец (2+) – 4,7 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір -2,1 ШЖШ, нитритті азот 1,3 ШЖШ), негізгі иондар (магний – 2,9 ШЖШ, сульфаттар – 3,2 ШЖШ, хлоридтер – 3,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қостанай облысының аймағында Тобыл өзенінің СЛКИ су сапасы 2019 жылдың қаңтар айында «ластанудың жоғары деңгейінде» болып бағаланады.

2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда Тобыл өзенінің су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Тобыл өзенінің су сапасы ОБТ₅ бойынша «нормативті таза» деп бағаланады. 2018 жылғы қаңтар айымен салыстырғанда ОБТ₅ өзгерген жоқ.

Оттегі режимі нормада

9.5 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 6 метеорологиялық станцияларда (Жітіқара, Докучаевка, Қарасу, Комсомolec, Қостанай, Урицкий)және Қостанай (№2, №4 ЛББ),Рудный қалаларының (№5, №6 ЛББ)автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (9.4-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,04-0,23мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

9.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қостанай облысының аумағында2 метеорологиялық станцияларда

(Жітіқара, Қостанай)ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (9.4-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,6Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



9.4-сурет. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі

10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Төреқұлова көшесі 76	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Нариманова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді

3			Сырдария өзенінің сол жағалауы, «Аэрологиялық станса»	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
---	--	--	---	---



10.1-сурет. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 (төмен деңгей), ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары: күкірт диоксиді – 1,01 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,28 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары азот диоксиді -0,94 ШЖШ_{о.м.} анықталды, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,формальдегид



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1.2-сур.).

Жалпы кент бойынша орташа айлық шоғырлар және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


10.3 Төретама кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид



10.3-сурет. Төретам кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=0,4 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кент бойынша ластаушы заттардың орташа және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

10.4 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 2 су нысанында (Сырдария және Арал теңізі) жүргізілді.

Біріңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Сырдария өзені:

- тұстама Төменарық бекеті, 46 км от Түркестан қаласынан ОБ: су сапасы 5 классқа жатады: фенол - 0,003 мг/л, қалқыма заттар – 26 мг/л. Фенол және қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан асқан жоқ.
- тұстама Қызылорда қаласы, 3 км қаладан төмен: су сапасы 4 классқа жатады: магний-48,76 мг/л, минералдылығы – 1514,5 мг/л, сульфаттар - 450 мг/л. Аммоний ионы, минералдылығы және сульфаттар концентрациясы фондық концентрациядан асты.
- тұстама Қазалы қаласы, қаланың ОБ бөлігінен 3 км, су бекетінде: су сапасы 4 классқа жатады: магний-42,68 мг/л, минералдылығы – 1566,198 мг/л, сульфаттар - 440 мг/л. Магний және сульфаттар концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ. Минералдану концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.
- тұстама Қызылорда қаласы, 0,5 км қаладан жоғары, 12 км су бекетінен төмен: су сапасы 4 классқа жатады: магний-48,76 мг/л, минералдылығы – 1548,8 мг/л, сульфаттар - 450 мг/л. Минералдану, магний концентрациясы фондық

концентрация мәнінен жоғары болды. Судағы сульфаттардың нақты концентрациясы фондық шоғырлану деңгейінде болады.

- тұстама Жосалы кенті, су бекетінде: су сапасы 4 классқа жатады: магний-36,6 мг/л, минералдылығы – 1531,9 мг/л, сульфаттар - 440 мг/л. Магний және сульфаттар концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ. Минералдану концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

- тұстама Қаратерең ауылы, су бекетінде: Біріңғай жіктеме бойынша су сапасы бойынша 4 классқа жатады: магний-42,68 мг/л, минералдылығы – 1552,3 мг/л, сульфаттар - 450 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ. Минералдану және сульфаттар концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

Сырдария өзені бойымен: өзені суының температурасы 0,0-3,2°C, сутектік көрсеткіштің 6,3-7,4, суда еріген оттегінің шоғыры 1,21-3,79 мг/дм³, ОБТ5 0,7-1,0 мг/дм³, түстілігі 25-178, иісі барлық бекеттерде 0 балл.

Сырдария өзені бойы бойынша су сапасы бойынша 4 классқа жатады: магний-42,68 мг/л, минералдылығы – 1524,95 мг/л, сульфаттар – 448,3 мг/л.

Арал теңізі:

Арал теңізі бойымен: өзен суының температурасы 0,0°C, сутегі көрсеткіші 7,3, суда еріген оттегінің шоғыры 4,06 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 0,8 мг/дм³, түстілігі 15, иісі барлық бекеттерде 0 балл.

- тұстама Арал қаласы, Кіші теңіз жоғарғы бьеф «Көкарал» гидропосты: Біріңғай жіктеме бойынша су сапасы бойынша 4 классқа жатады: магний-67 мг/л, минералдылығы – 1646,9 мг/л, сульфаттар - 460 мг/л, қалқыма заттар – 22 мг/л. Қалқыма заттар және сульфаттар концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ. Минералдану және магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

Қызылорда облысы аумағында су нысандарының Біріңғай жіктеме бойынша 2019 жылдың қаңтарында су сапасы төмендегідай бағаланды: 4 класс- Сырдария өзені және Арал теңізі.

2018 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда барлық су нысандарында су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Сырдария өзені және Арал теңізі халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты Сырдария өзені және Арал теңізі суының сапасын бағалау қосымша балық-шаруашылық су айдындарына белгіленген ШЖШ мен СЛКИ -ін пайдалану арқылы орындалды.

Сырдария өзені суының температурасы 0,0 – 3,2°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні – 7,02, суда еріген оттегінің шоғыры 2,89 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 0,85 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс 1,7 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,5 ШЖШ, магний 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Арал теңізі суының температурасы 0,0°C, сутектік көрсеткіш – 7,3, суда еріген оттегінің шоғыры 4,06 мг/дм³, ОБТ5 0,8 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс 2,0

ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,6 ШЖШ, магний 1,7 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сырдария өзені және Арал теңізі суының сапасы *«ластанудың орташа деңгейінде»* болып табылады.

2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда Сырдария өзені және Арал теңізі суы айтарлықтай өзгермеген.

Сырдария өзені және Арал теңізі су сапасы ОТБ₅ көлемі бойынша «нормативті таза» болып бағаланды. 2018 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда су сапасы ОТБ₅ көлемі бойынша барлық су нысандары бойынша айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі көлемі бойынша Сырдария өзені су сапасы *«ластанудың жоғары деңгейінде»*, Арал теңізі су сапасы «нормативті таза» болып бағаланды.

2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда су сапасы оттегі көлемі бойынша Сырдария өзенінде нашарлаған, Арал теңізінде айтарлықтай өзгермеген.

10.5 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Шиелі) және Қызылорда қаласы(№3 ЛББ)мен Ақай(№1 ЛББ),Төретам(№1 ЛББ)кенттерінің 3 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (10.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,06-0,18 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

10.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-2,0 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.4-сурет. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

11 Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі

11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	1 шағынаудан, № 3 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкірт қышқылы
4			Микрорайон 12 № 22 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар соммасы, аммиак, күкірт қышқылы
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкіртті сутек, аммиак

6		31 шағынауданы, № 10 учаскесі	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак, озон (жербетті)
---	--	----------------------------------	--



11.1-сурет. Актау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша № 5 бекет аумағында (12 шағын аудандан) анықталды және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) (1,2-сур.).

**БҚ-ға сәйкес, егер СИ және ЕЖҚ әртүрлі бағаларға түссе, атмосфераның ластану дәрежесі осы көрсеткіштердің ең үлкен мәнімен бағаланады.*

Орташа айлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

РМ-10 қалқыма бөлшектерінің максималды-бір реттік шоғырлары – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, – басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2-кесте).

11.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді,

2			Махамбет көшесі, 14 А мектеп	озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма-фон қуаттылығы деңгейін бақылау (эквиваленттік доза қуаттылығы)
---	--	--	------------------------------	---



11.2-сурет. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=0,5 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары және максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкіртті сутек, аммиак



11.3-сурет. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0,5 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2 -сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары мен максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

11.4 Маңғыстау облысы аумағындағы Каспий теңізі суының сапасы

Каспий теңіз суы сапасына бақылау жүргізу Ақтау қаласының арнайы экономикалық аймақ су айдыны (4 нүкте), 1- Ақтау қ, демалыс аймағы (1); 2- Ақтау қ, демалыс аймағы (2); 3-Ақтау қ, порт аймағы (1); 4-Ақтау қ, порт аймағы (2);

Ақтау қ, демалыс аймағы (1) тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 320,0 мг/дм³, минерализация– 6589,7 мг/дм³, хлоридтер-4589,2 мг/дм³.

Ақтау қ, демалыс аймағы (2) тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 347,0 мг/дм³, минерализация– 6869,1 мг/дм³, хлоридтер -4761,3 мг/дм³; сульфаттар-1567,0 мг/дм³.

Ақтау қ, порт аймағы (1) тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 351,0 мг/дм³, минерализация– 6609,9 мг/дм³, хлоридтер -4506,1 мг/дм³, сульфаттар-1560,0 мг/дм³.

Ақтау қ, порт аймағы (2) тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 325,0 мг/дм³, минерализация– 6491,8 мг/дм³, хлоридтер -4320,0 мг/дм³; сульфаттар-1643,0 мг/дм³.

Каспий теңізінің су температурасы 3,4-3,6С, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 8,09-8,19, суда еріген оттегі –7,8-8,0 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,7-2,1 мг/дм³ болды. Каспий

теңізі бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний –335,8 мг/дм³, минерализация– 6640,1 мг/дм³, хлориды -4544,2 мг/дм³; сульфаты-1567,3 мг/дм³.

2019 жылғы қаңтар айында Маңғыстау облысы аумағындағы Каспий теңізінің су сапасы біріңғай классификациясы бойынша нормаланбайды (>5 класс).

Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Каспий теңізі халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты Каспий теңізі суының сапасын бағалау қосымша балық-шаруашылық су айдындарына белгіленген ШЖШ мен СЛКИ -ін пайдалану арқылы орындалды.

Каспий теңізінің су температурасы 3,4-3,6С, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 8,13, суда еріген оттегі –7,87 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,9 мг/дм³ болды. ШЖШ асу жағдайлары тіркелген жоқ..

11.6 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 4 метеорологиялық стансада (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар-Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (№1, №2 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,20 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

11.7 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.5-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,8 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады



11.4-сурет. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

12 Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, фенол, хлор, хлорлы сутегі
2			Айманов көшесі, 26	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ломов көшесі	PM 10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, радиациялық гамма-фон қуаттылығы, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі
4			Қазправда көшесі	қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, радиациялық гамма-фон қуаттылығы, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі
5			Естай көшесі, 54	PM 2,5 қалқыма бөлшектері, PM 10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак

6			Затон көшесі,39	PM 2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері,, азот диоксиді,азот оксиді,озон (жерүсті), аммиак.
7			Торайғыров-Дүйсенов көшесі	PM 2,5 қалқыма бөлшектері,PM 10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



12.1-сурет. Павлодар қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 (төмен деңгейі) азот диоксиді № 5 бекет аумағында (Естай көшесі, 54) анықталды және ЕЖҚ=0% (төмен деңгейі) (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық пен бір-реттік максималды шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

12.2 Екібастұз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (12.2-сур., 12.2-кесте).

12.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	8 ш-а, Беркембаев және Сәтбаевкөшелері	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді,азот диоксиді
1	әр 20 минут	үзіліссіз режимде	Мәшқұр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі сайын	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
				азот диоксиді, азот оксиді, радиациялық гамма-фон қуаттылығы, күкіртті сутегі



12.2-сурет. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1 (төмен деңгейі) күкірт сутегі бойынша № 1 бекет аумағында (М. Жүсіп көшесі, 118/1) анықталды және ЕЖҚ=0% (төмен деңгейі) (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғыры ШЖШ- дан аспады.

Күкірт сутегі максималды бір реттік шоғырлары - 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.


12.3 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.3-кесте).

12.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі, 4«Г»	қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, радиациялық гамма-фон қуаттылығы, күкіртті сутегі.



12.3-сурет. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0 (төмен деңгейі), ЕЖҚ=0% (төмен деңгейі) (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық пен бір-реттік максималды шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

12.4 Павлодар облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Павлодар облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 2 су объектілерінде – Ертіс және Усолка өзендерінде жүргізілді.

Ертіс өзені ҚХР аумағында бастау алады және Шығыс Қазақстан облысы арқылы өтеді. Усолка өзені Ертіс өзеніне құяды.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

Ертіс өзені:

- тұстама Май а., ауыл шегінде: Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Ақсу қ., 3 км МАЭС ағынды сулар ағызудан жоғары: су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Ақсу қ., МАЭС ағынды сулар ағызудан 0,8 км төмен: су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Павлодар қ., қаладан 22 км жоғары, Кенжекөл ауылынан 5 км оңтүстікке қарай: су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Павлодар қ., "Павлодар – Водоканал" ЖШС ағызудан 0,5 км төмен: су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Жаңабет а., гидрологиялық бекет тұсындағы: су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Прииртышское а., гидрологиялық бекет тұсындағы: су сапасы 1 класқа жатады.

Ертіс өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0,1 – 4,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,10 -8,50, суда ерітілген оттегі концентрациясы 11,09 - 13,42 мг/дм³, ОБТ-5 1,63 - 2,06 мг/дм³ , түсі 10 - 11 градус, иісі 0 балл.

Ертіс өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 1 класқа жатады.

Усолка өзені:

